

# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**

2022.07.01 16:16

**Регистрационный номер**

16107

**Дата обновления паспорта ОП:**

2022.07.01 16:16

**Код и наименование специальности:**

07150300 Токарлық іс (түрлері бойынша)

**Код и наименование квалификации/квалификаций:**

3W07150301 Токарь

**Регион:**

Қызылорда облысы

**Организация ТИППО (Разработчик):**

« Арал индустриалды-техникалық колледжі» КМҚК

**Партнеры-разработчики:**

« Арал тұз» АҚ

**Цель ОП:**

Токарлық және сандық бағдарламамен басқару станоктарында әртүрлі пішінді дайындамаларды бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен бұйымдарды өңдей алатын білімді , бәсекеге қабілетті , кәсіби кадрларды дайындау

**Уровень по НРК:**

3

**Уровень по ОРК:**

3

**Профессиональный стандарт (при наличии):**

" Токарлық өңдеу" Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №269 бұйрығына 2-қосымша.

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):**

" СББ станогында токарлық жұмыстар" WSC2017\_CCWS06

**Форма обучения:**

күндізгі

**База образования:**

негізгі орта білім

**Язык обучения:**

мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

180

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

05.04.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

KZ84LAA00002763

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№002

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

25.11.2021 ж.

**Отличительные особенности ОП:**

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

<b>Результаты</b>		
<b>Наименование</b>	<b>обучения/Краткое описание</b>	<b>Объем</b>
<b>№ модуля/дисциплины</b>	<b>дисциплины</b>	<b>кредитов/часов</b>
ЖБП 1. Математика	Адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудағы математиканың рөлін түсінумен қатар, функционалдық сауаттылығын, кеңістіктегі қиялын, абстрактілі, логикалық ойлауын қалыптастырады. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: функция,оның қасиеттері мен графигі, көрсеткіштік және логарифмдік, тригонометриялық функциялар, функцияның шегі және үзіліссіздігі, көпмүшелер, туынды және оның қолданылуы, математикалық статистика, алғашқы функция және интеграл, дәреже мен түбір, комплекс сандар.	8/192
ЖБП 2. Информатика	Ақпаратты іздеу, талдау, сын тұрғысынан бағалау, таңдау, ұйымдастыру, беру және өңдеу, объектілер мен процестерді	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>модельдеу ептіліктерін дамытуға; есептерді шешу және ақпараттық технологиялардың құралдары мен әдістерін меңгеруге бағытталады. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: аппараттық және программалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, қосымшаларды әзірлеу.</p>	
ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	<p>Усваивают разделы: Туризм, Экотуризм, Человек и родина, Наука и этика, Планета.Земля, Океаны, Литература и искусство, Тема социального неравенства в СМИ и литературе, Торговля и помощь, Справедливая торговля, Значение труда в жизни человека и общества, Показатель развития общества: экология, биоресурсы, свободное время как показатель развития общества, Человек и история, Энергия будущего. Энергия слова, Мир и безопасность, Театр и кино в современном мире, Высшая ценность - права человека, Современное общество: миграция. Развивают навыки слушания, говорения, чтения, письма, необходимых для общения в учебно-профессиональной сферах жизни.</p>	4/96
ЖБП 4. Қазақ тілі	<p>Білім алушылардың сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамыту және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді, ана тілін қадірлеп, қоғамдық мәнін</p>	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуді, еркін сөйлесуді және сауатты жазуды үйретеді. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет, индустрияландыру: ұлттық өндіріс, адам өмірін сақтау, тілдік жүйе және норма, адамзат дамуының жаһандық мәселелер, Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі, әлемді өзгерткен өнертабыстар.</p>	
ЖБП 5. Қазақ әдебиеті	<p>Білім алушылардың ойларын ауызша еркін жеткізуге және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастырады. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгереді. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: Қалың елім, қазағым, Қазақтың Қанышы, Парасат пайымы, Тарих тағылымы, Табиғат және адам.</p>	3/72
ЖБП 6. Шетел тілі	<p>The content of a foreign language consists in the formation of a multilingual, multicultural personality, in enriching the vocabulary due to the content of texts of different styles, in improving communication skills, in enriching the worldview and perception of the world in the process of developing communication skills, for conducting research and various educational tasks in a creative environment should be directed to a permissive solution. During these chapters students learn:</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	Legend or Truth, Natural Disasters, Virtual reality, Organic and non-organic worlds, Reading for pleasure, Capabilities of human brain, Breakthrough technologies, Space X, Making connections in biology, Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins, Human brain, Investigate and report on timekeeping devices/Science video.	
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру. Отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: Өркениет: даму ерекшеліктері, этникалық және әлеуметтік процестер, мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан, мәдениеттің дамуы, саяси - құқықтық процестер, қоғамдық - саяси ойдың дамуы, білім мен ғылымның дамуы.	4/96
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	Жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде адамның рухани-адамгершілік әлеуетін ашуға, өзін-өзі тануға және өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасын дамытуға; отбасындағы, ұжымдағы, қоғамдағы өзінің рөлін түсінетін жоғары адамгершілік сапасын дамытудың қажеттілігін, қоғамға	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>қызмет жасау дағдыларын қалыптастырады. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: таным жолында, тұлғаның қалыптасуы, қоғамдағы өмір, адамзат әлемі, таным жолында, тұлғаның қалыптасуы.</p>	
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	<p>Қимыл-қозғалыс белсенділігінің заңдылықтары, спорттық дайындық, дене тәрбиесімен шұғылданудың болашақ еңбек жолындағы маңызы, әскер қатарында қызмет етуге дайындау туралы білім көлемін кеңейтуді; білім алушының жасына және жыныстық ерекшеліктеріне сәйкес ағзаның қызмет ету қабілеттерін жоғарылатуды; спорттың негізгі түрлері бойынша техникалық және тактикалық әрекеттер мен тәсілдерді жетілдіреді. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: Дене шынықтыру туралы білім, спорттық ойындар, гимнастика, ұлттық спорт түрлері, жеңіл атлетика.</p>	5/120
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	<p>Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі, әскери қызметтің құқықтық негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары, тактикалық дайындық, атыс дайындығы, саптық дайындық, әскери топография, өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері, технологиялық</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	дайындық жауапкершілікті қалыптастырып тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін меңгереді. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: ҚР Қарулы күштері - мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі, әскери қызметтің құқықтық негіздері, ҚР қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары, тактикалық дайындық, атыс дайындығы, саптық дайындық, әскери типпография, әскери роботты техникалардың негіздері.	
ЖБП 11. Физика	Табиғаттың жалпы заңдары ретіндегі механиканың, жылу физикасының, электр және магнетизмнің, оптиканың және атомдық физиканың заңдары туралы білімдерін тереңдетуге бағытталады. Танымның ғылыми әдістері негізінде білім алушылардың әлемнің физикалық бейнесі туралы түсініктері кеңейеді және ғылыми көзқарастарын қалыптастырады. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: механика, жылу физикасы, электр және магнетизм, электромагниттік тербелістер, электромагниттік толқындар, оптика, салыстырмалы теориялық элементтер, кванттық физика, нанотехнология және наноматериалдар, космология.	6/144
ЖБП 12. Химия	Химиялық заттардың көптүрлілігінің маңыздылығы және олардың басқа затқа айналуы туралы, табиғи ресурстарды ұқыппен қолдануын дамытуға;	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	оқытылатын процеске шығармашылық және сыни ойлауды қолдануға, практикалық және эксперименттік біліктерін кең ауқымда дамытуға бағытталады. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: Атом құрылысы, элементтер мен олардың қосылыстарының периодты өзгеруі, химиялық байланыс, стехиометрия, термодинамика, кинетика, химиялық тепе-теңдік, тотығу-тотықсыздану реакциялары.	
ЖБП 13. Дүниежүзі тарихы	Адамзаттық өркениеттің этногенез, политогенез, культурогенез негізгі мәселелері бойынша білімді қалыптастыруға бағытталады. Әлемдік тарихтағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді бағалау және жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті тарихи ойлау дағдысын дамытуды үйретеді. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: Өркениет: даму ерекшеліктері, этникалық және әлеуметтік процестер, мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан, мәдениеттің дамуы, саяси - құқықтық процестер, қоғамдық - саяси ойдың дамуы, білім мен ғылымның дамуы.	3/72
ЖБП 14. География	Білім алушылардың бойында географиялық кеңістікті қойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту. Геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың	3/72



Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	түсінуін дамыту. Оқу барысында білім алушылар келесідей тарауларды меңгереді: Географиялық зерттеу әдістері, картография және геоинформатика, табиғатты пайдалану және геоэкология, геоэкономика, геосаясат, елтану, адамзаттың ғаламдық проблемалары.	
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау	2/48
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттері	2/48
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар негіздерін меңгеру	1/24
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб порталдар	1/24
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру	0,5/12
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау	1/24
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің міндеттерін түсіндіру	1,5/36
	ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	1,5/36
	ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау	0,5/12
КМ 1. Токарлық өңдеу	ОН 1.1. Еңбекті қорғау,	2/48

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу	экологиялық қауіпсіздік және қауіпсіздік техникасының талаптарын орындау	
		ОН 1.2. Конструкторлық-технологиялық құжаттарды оқу	1/24
		ОН 1.3. Дайындаманың конструкторлық-технологиялық құжатқа сәйкестігін анықтау	2/48
		ОН 1.4. Өлшеу, кесу құралдары мен жабдықтарын жұмысқа дайындау	4/96
		ОН 1.5. Бөлшектерді токарлық өңдеудің реттілігі мен ұтымды кесу режимдерін анықтау	4/96
	КМ 2. Әмбебап токарлық станоктарда бөлшектерді токарлық жұмыстарын орындау	ОН 2.1. Әмбебап токарлық станок пен кесу құралдарын жұмысқа дайындау	6/144
		ОН 2.2. Технологиялық үрдіске сәйкес токарлық өңдеу жұмыстарын әмбебап токарлық станоктарда орындау	8/192
		ОН 2.3. Өңделінген бөлшектің сапасын тексеру және қажет болған жағдайда ақауларды жою	8/192
	КМ 3. Айналмалы токарлық станоктарда бөлшектерді токарлық өңдеу жұмыстарын орындау	ОН 3.1. Айналмалы токарлық станокпен кесу құралдарын дайындау	4/96
		ОН 3.2. Технологиялық үрдіске сәйкес жұмыстарды айналмалы токарлық станоктарда орындау	3/72
		ОН 3.3. Айналмалы токарлық станокта өңделген бөлшектің сапасын тексеру және оның ақауларын жою	8/192
	КМ 4. Тапаншалы токарлық станоктарда бөлшектерді токарлық өңдеу жұмыстарын орындау	ОН 4.1. Тапаншалы токарлық станокпен кесу құралдарын дайындау	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ОН 4.2. Технологиялық үрдіске сәйкес өңдеу жұмыстарын тапаншалы токарлық станоктарда орындау	3/72
	ОН 4.3. Тапаншалы токарлық станокта өңделінген бөлшектің сапасын тексеру және оның ақауларын жою	7/168
КМ 5. Кеңей-жоңғыш станоктарда бөлшектерді өңдеу	ОН 5.1. Кеңей-жоңғыш станокпен кесу құралдарын дайындау	5/120
	ОН 5.2. Бөлшектерді кеңей-жоңғыш станоктарда технологиялық үдіріске сәйкес бұрғылау және кеңей жону	9/216
	ОН 5.3. Кеңей-жону станоктарында орындалған жұмыстардың сапасын тексеру	5/120
КМ 6. Сандық бағдарламамен басқарылатын(СББ) токарлық станоктарда өңдеу жұмыстарын орындау	ОН 6.1. Сандық бағдарламамен басқарылатын станок пен кесу құралдарын жұмысқа дайындау	5/120
	ОН 6.2. Бағдарламалық жасақтама мен бөлшек сызбасын қолдана отырып, СББ станоктарына бағдарлама құру	3/72
	ОН 6.3. СББ станоктарында есептеу-технологиялық картаға сәйкес токарлық өңдеу жұмыстарын орындау	8/192
	ОН 6.4. Өңделген бөлшектердің сапасын бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен тексеру	6/144
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	7/168